

**Қобда ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 153 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 мамырда № 3874 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды – (Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2015 жылғы 5 қаңтардағы № 5-05/02 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды – (Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 05.01.2015 № 5-05/02 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Қобда аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2014 жылы Қобда ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен бір жолғы 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Мәслихат сессиясының төрағасы</i> <i>Аудандық мәслихаттың хатшысы</i>	<i>С. Мендыгарин</i> <i>Л.Исмағамбетова</i>
---	--